

## Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы Құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 5 тамыздағы N 638 Жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық Заңының 7-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы Заңының 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес және мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі шаралар жүйесін одан әрі жетілдіру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы Құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Амангелді Смағұлұлы Шабдарбаевқа Қазақстан Республикасының атынан принциптік сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы Құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Президенті</i>	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
Қ а з а қ с т а н	<i>Н. Назарбаев</i>	Р е с п у б л и к а с ы
П р е з и д е н т і н і ң		
2 0 0 8	ж ы л ғ ы	5
		т а м ы з д а ғ ы
N	6 3 8	Ж а р л ы ғ ы м е н
МАҚҰЛДАНҒАН		

## Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы Құпия ақпаратты өзара қорғау туралы КЕЛІСІМНІҢ ЖОБАСЫ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Беларусь Р е с п у б л и к а с ы ,

Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы сыртқы саяси, әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, барлау, қарсы барлау және өзге де ынтымақтастық барысында пайдаланылатын мемлекеттік құпияларды, сондай-ақ осындай ынтымақтастық процесінде пайда болған мемлекеттік құпияларды қорғауды

қ а м т а м а с ы з

е т у

м а қ с а т ы н д а ,

Тараптардың заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын және Беларусь Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғауды қамтамасыз етуде Тараптардың өзара мүддесін ескере отырып,

2004 жылғы 18 маусымдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде құпия ақпараттың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімді назарға ала  
о т ы р ы п ,

мына төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап. Ұғымдар анықтамасы**

Осы Келісімде пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

1) құпия ақпарат - олардың рұқсатсыз таратылуы Қазақстан Республикасының және (немесе) Беларусь Республикасының қауіпсіздігіне және мүдделеріне залал келтіруі мүмкін Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын және (немесе) Беларусь Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын, кез келген нысанда көрініс тапқан, Тараптардың әрқайсысының заңнамасына сәйкес қорғалатын, сондай-ақ Тараптардың ынтымақтастығы процесінде пайда болған мәліметтер;

2) құпия ақпаратты қорғау - Тараптардың заңнамасына және осы Келісімге сәйкес құпия ақпаратты заңсыз таратуды болдырмау жөніндегі құқықтық, ұйымдастыру, техникалық, криптографиялық, бағдарламалық және өзге де шараларды қабылдау;

3) құпия ақпарат жеткізгіштері - құпия ақпарат оларды тануға және сәйкестендіруге мүмкіндік беретін нышандар, үлгілер, белгілер, техникалық шешімдер және процестер түрінде өз көрінісін табатын материалдық объектілер, оның ішінде физикалық өрістер;

4) құпиялылық белгісі - құпия ақпаратты жеткізгіште қойылатын және (немесе) ілеспе құжаттамада көрсетілетін, жеткізгіште қамтылған мәліметтердің құпиялылық дәрежесін куәландыратын деректеме;

5) құпия ақпаратты құпиясыздандыру - құпия ақпараттың таратылуына шектеулерді алу жөніндегі іс-шаралар жиынтығы және оны жеткізгіштерге рұқсат беру;

6) уәкілетті органдар - Тараптардың ынтымақтастығы процесінде берілетін және (немесе) пайда болған құпия ақпаратты беруге, алуға, сақтауға, қорғауға және пайдалануға Тарап уәкілеттік берген мемлекеттік орган немесе ұйым;

7) құзыретті орган - осы Келісімнің іске асырылуына жауапты Тараптың мемлекеттік органы;

8) құпия ақпаратқа рұқсат беру - жеке адамның құпия ақпаратқа қол жеткізу құқығы немесе уәкілетті органның Тараптардың заңнамасына сәйкес ұсынылған құпия ақпаратты пайдалана отырып, қызметті жүзеге асыру құқығы;

9) құпия ақпаратқа қол жеткізу - құпия ақпаратқа рұқсаты бар жеке адамды құпия ақпаратпен таныстыру;

10) шарт - оның шеңберінде құпия ақпаратты пайдалану, оның ішінде оқыту процесінде де пайдалану көзделетін уәкілетті органдар арасында жасалатын шарт ( келісім-шарт).

## **2-бап. Құпиялылық дәрежелерінің салыстырмалылығы**

Тараптар Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасының заңнамаларына сәйкес құпиялылық дәрежелері және оларға сәйкес құпиялылық белгілері былайша салыстырылады деп белгілейді:

Қазақстан Республикасында:	Беларусь Республикасында:
" А с а м а ң ы з д ы " ("Особой важности")	"Особой важности"
" Ө т е к ұ п и я " ("Совершенно секретно")	"Совершенно секретно"
"Құпия" ("Секретно")	"Секретно"

## **3-бап. Құзыретті органдар**

Тараптар өздерінің заңнамаларына сәйкес құзыретті органдарды белгілейді, ол туралы дипломатиялық арналар арқылы бірін-бірі хабардар етеді.

## **4-бап. Құпия ақпаратты қорғау жөніндегі шаралар**

### **1 . Т а р а п т а р :**

1) ынтымақтастық процесінде басқа Тарап берген және (немесе) пайда болған құпия а қ п а р а т т ы қ о р ғ а у ғ а ;

2) берген Тараптың жазбаша келісімінсіз алынған құпия ақпараттың құпиялылық б е л г і с і н ө з г е р т п е у г е ;

3) ынтымақтастық процесінде алынған және (немесе) пайда болған құпия ақпаратқа қатысты өзінің осындай құпиялылық дәрежесіндегі (осы Келісімнің 2-бабына сәйкес салыстырылатын) құпия ақпаратына қатысты қолданылатын сондай қорғау шараларын қ о л д а н у ғ а ;

4) басқа Тараптан алынған құпия ақпаратты тек оны беру кезінде көзделген м а қ с а т т а р д а п а й д а л а н у ғ а ;

5) берген Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз ынтымақтастық процесінде алынған, сондай-ақ пайда болған құпия ақпаратқа үшінші тараптың қол жеткізуін болдырмауға міндеттенеді.

2. Құпия ақпаратқа қол жеткізу оны беру кезінде, оның ішінде оқыту процесінде көзделген мақсаттарда қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті адамдарға ғана

тиісті құпиялылық дәрежесіндегі құпия ақпаратқа олардың рұқсаты болған кезде рұқсат етіледі.

3. Қажет болған жағдайда құпия ақпаратты қорғау жөніндегі қосымша талаптар (құпия ақпаратпен жұмыс істеу жөніндегі міндеттемелері жазылып және оны қорғау жөніндегі шаралар көрсетіліп) тиісті шарттарға енгізіледі.

### **5-бап. Құпия ақпаратты беру**

1. Шарт жасасу кезінде Тараптардың уәкілетті органдарының өзара іс-қимылын ұйымдастыру құзыретті органдармен келісім бойынша жүзеге асырылады.

Егер бір Тараптың уәкілетті органы басқа Тараптың уәкілетті органына құпия ақпаратты беру ниетін білдірсе, онда ол өз Тарапының құзыретті органынан басқа Тараптың уәкілетті органында құпия ақпаратқа рұқсатының бар екендігін жазбаша растауды алдын ала сұратады.

Бір Тараптың құзыретті органы басқа Тараптың құзыретті органынан басқа Тараптың уәкілетті органында құпия ақпаратқа рұқсаттың бар екендігіне жазбаша растама сұрайды.

2. Құпия ақпаратты беру туралы шешімді Тараптардың заңнамасына сәйкес әрбір жекелеген жағдайда Тараптар қабылдайды.

3. Шартты орындау барысында Тараптардың уәкілетті органдарының өзара іс-қимылын олар шартта және Тараптардың заңнамасында көзделген тәртіппен тікелей жүзеге асырады.

4. Құпия ақпаратты бір мемлекеттен екіншісіне беру дипломатиялық арналар арқылы, фельдъегерлік қызмет немесе оған уәкілеттік берілген қызмет арқылы Тараптар арасында қолданылатын келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады. Басқа Тараптың тиісті уәкілетті органы құпия ақпаратты алғандығын растайды.

5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген қызметтер арқылы берілуі мүмкін емес құпия ақпаратты беру үшін уәкілетті органдар Тараптардың заңнамасына сәйкес тасымалдау тәсілі, алып жүру бағыты және нысаны туралы уағдаласады.

### **6-бап. Құпия ақпаратпен жұмыс істеу**

1. Құпия ақпараттың алынуына жауапты уәкілетті орган берілген жеткізгіштерде қосымша осы Келісімнің 2-бабына сәйкес салыстырылатын құпиялылық белгісін қояды.

Алынған құпия ақпарат басқа тілге аударылған, ол көшірілген немесе көбейтілген жағдайда құпия ақпараттың алынған жеткізгішіне түпнұсқаның құпиялылық белгісіне сәйкес келетін құпиялылық белгісі қойылады.

Берілген құпия ақпарат негізінде пайда болған құпия ақпараттың жеткізгішіне берілген құпия ақпараттың құпиялылық белгісінен төмен емес құпиялылық белгісі қойылады.

2. Құпия ақпарат өзінің құпия ақпаратына қатысты қолданыстағы талаптарға сәйкес оны алған уәкілетті органда есепке алынады және сақталады.

3. Құпия ақпараттың құпиялылық дәрежесі және оны жеткізгіштегі құпиялылық белгісі оны берген Тараптың уәкілетті органының жазбаша келісімінсіз өзгертілуі мүмкін емес.

Тараптардың ынтымақтастығы процесінде пайда болған құпия ақпараттың құпиялылық дәрежесі Тараптардың уәкілетті органдарының өзара келісімі бойынша анықталады немесе өзгертіледі.

Ынтымақтастық процесінде пайда болған құпия ақпаратты құпиясыздандыру Тараптардың уәкілетті органдарының келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Құпия ақпараттың құпиялылық дәрежесінің өзгерген немесе оның құпиясыздандырылғаны туралы оны берген Тараптың уәкілетті органы мүмкіндігінше қысқа мерзімде басқа Тараптың уәкілетті органын жазбаша хабардар етеді.

4. Құпия ақпаратты көшіру (көбейту) құпия ақпаратты берген Тараптың уәкілетті органының жазбаша келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Құпия ақпаратты (оны жеткізгіштерді) жою құжат жүзінде расталады, ал жою процесінің өзі оны жанарту мен қалпына келтірудің мүмкін болмауын қамтамасыз етуге тиіс. Құпия ақпараттың (оны жеткізгіштің) қайтарылғаны туралы немесе жойылғаны туралы оны берген Тараптың уәкілетті органына жазбаша хабарланады.

## **7-бап. Шарттар**

Тараптардың уәкілетті органдарымен жасалатын шарттарға жеке бөлім қосылады, онда мыналар айқындалады:

ынтымақтастық процесінде пайдалану жоспарланып отырған құпия ақпараттың тізбесі және оның құпиялылық дәрежесі;

ынтымақтастық процесінде берілетін және (немесе) пайда болған құпия ақпаратты қорғау ерекшеліктері, оны пайдалану шарттары, даулы жағдайларды шешу және ынтымақтастық процесінде берілетін және (немесе) пайда болған құпия ақпаратты рұқсатсыз таратудан болуы мүмкін залалды өтеу тәртібі.

## **8-бап. Құзыретті органдардың өзара іс-қимылы**

1. Құзыретті органдар өздерінің өкілеттіктері шегінде тікелей өзара іс-қимыл жасайды және осы Келісімді іске асыру мақсатында олардың бірінің өтініші бойынша бірлескен консультациялар өткізеді.

2. Құзыретті органдар осы Келісімді іске асыру үшін қажетті көлемде құпия ақпаратты қорғау саласындағы тиісті нормативтік құқықтық актілермен алмасады.

## **9-бап. Сапарлар**

1. Бір Тараптың уәкілетті органдары өкілдерінің екінші Тараптың құпия ақпаратына қол жеткізуін көздейтін сапарлары қабылдайтын Тараптың заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Мұндай сапарларға рұқсат тек осы Келісімнің 4-бабының 2-тармағында көрсетілген адамдарға ғана беріледі.

2. Сапарларды, оның ішінде көп мәрте сапарларды жүзеге асыру туралы өтініш болжанып отырған сапарға дейін бір айдан кешіктірмей жіберіледі.

Болжанып отырған сапар туралы өтініш мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс: уәкілетті орган өкілінің тегі мен аты, туған күні мен жері, азаматтығы мен төлқұжат нөмірі ;

уәкілетті орган өкілінің кәсібі мен лауазымы, ол жұмыс істейтін уәкілетті органның атауы ;

тиісті құпиялылық дәрежесіндегі құпия ақпаратқа рұқсатының бар-жоғы туралы; сапардың болжанып отырған күні және жоспарланып отырған ұзақтығы; сапардың мақсаты ; келуі жоспарланып отырған уәкілетті органның атауы; уәкілетті органның өкілі кездесуді болжап отырған адамның (адамдардың) лауазымы, тегі және аты.

3. Бір Тараптың уәкілетті органдарының өкілдері екінші Тараптың құпия ақпаратымен жұмыс істеу ережелерімен танысады және осы ережелерді сақтайды.

## **10-бап. Құпия ақпаратты қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға арналған шығыстар**

Тараптардың уәкілетті органдары осы Келісімді іске асыру процесінде туындайтын барлық шығыстарды өздері көтереді.

## **11-бап. Құпия ақпаратты қорғау жөніндегі талаптарды бұзу және зиянның мөлшерін анықтау**

Басқа Тараптың уәкілетті органы берген және (немесе) ынтымақтастық процесінде пайда болған құпия ақпараттың рұқсатсыз таралуына әкелген құпия ақпаратты қорғау жөніндегі талаптар бұзылған жағдайда тиісті Тараптың уәкілетті немесе құзыретті органы екінші Тараптың уәкілетті немесе құзыретті органына осы туралы дереу хабарлайды, қажетті тексеру жүргізеді және құпия ақпаратты берген Тараптың

құзыретті органына тексеру нәтижелері туралы және аумағында бұзушылық орын алған Тараптың заңнамасына сәйкес қабылданған шаралар туралы хабарлайды.

Құпия ақпаратты рұқсатсыз таратудан келтірілген зиянның мөлшері мен оны өтеу тәртібі Тараптардың заңнамасына, олар қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес, сондай-ақ консультациялар барысында анықталады.

## **12-бап. Басқа уағдаластықтарға қарым-қатынас**

Тараптар қатысушылары болып табылатын құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық шарттар осы Келісімге қайшы келмейтін бөлігінде әрекет етуін жалғастырады.

## **13-бап. Даулы мәселелерді шешу**

Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты даулар Тараптардың құзыретті органдары арасындағы келіссөздер жолымен шешіледі.

## **14-бап. Келісімнің күшіне енуі және оның қолданылуын тоқтату**

1. Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді және белгіленбеген мерзімге жасалады.

2. Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша енгізіледі, олар жеке хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

3. Тараптардың әрқайсысы басқа Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы өзінің ниеті туралы жазбаша хабарлама жіберу жолымен осы Келісімнің қолданылуын тоқтата алады. Мұндай жағдайда осы Келісімнің қолданылуы көрсетілген хабарламаны алған күннен бастап алты ай өткен соң тоқтатылады.

4. Осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылған жағдайда ынтымақтастық процесінде берілген және (немесе) пайда болған құпия ақпаратқа қатысты осы Келісімнің 4-бабында көзделген қорғау шаралары ол құпиясыздандырылғанға дейін қолданылуын жалғастырады.

200\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

*Қазақстан Республикасы үшін      Беларусь Республикасы үшін*

